

11 желтоқсан
Бейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

СЫЙЫМОЛ «СЫБАҒА»!

ӨТКЕН ЖЫЛЫ БАСТАУ АЛҒАН «СЫБАҒА» ФЕСТИВАЛІ БИЫЛ АУДАНДА 4 ЖЕЛТОҚСАН КҮНІ АУДАНДАҒЫ БАР-ЛЫҚ БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ НАСИХАТТАЙТЫН ТӘРБИЕ САҒАТТАРЫМЕН БАСТА-ЛЫП, ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА КОЛӨНЕР ШЕБЕРЛЕРІНІҢ ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫНА ҰЛАСТЫ. ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР ЖӘНЕ ӨЛКЕ ТАРИХЫ МУЗЕЙІНДЕ «ҰЛТ МҰРАСЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ЭТНОГРА-ФИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР КӨРМЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



5 желтоқсан рухани мәдениетті дәріптеуге бағытталған «Дәстүрлер жаңғырығы» атты шара фестивальдің ашылуы салтанатымен ұласып, ұлттық өнердің маңызы мен «Сыбаға» жобасының рухани мұраны жаңғыртудағы рөлі атап өтілді. Алдымен жұртшылықты құттықтаған аудан басшысы Асқар Қазыбаев ұлттық өнердің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызына тоқталып, мемлекет басшысының домбыра үні мен ұлттық аспаптарды дәріптеу жөніндегі үндеуімен ұштасқан шараның бабалар аманатын бүгінге жеткізген буынға шынайы лебізін білдірді. Бағдарлама барысында Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің домбыра ансамблі қазақ күйлерінің таңдаулы үлгілерін орындады. Көрермендерге Сейтектің «Тойбастар» күйі, халық күйі «Келіншек», эпикалық сарынға құрылған «Жауға» күйі, сондай-ақ ұлттық рухты көтеретін «Ер Тұран» туындысы ұсынылды. Сонымен бірге дәстүрлі әндер мен термелер шеруі ұйымдастырылып, қазақтың ауыз әдебиеті мен ұлттық ән өнерінің бай мұрасы кеңінен таныстырылды. Қобыз аспабына арналған бөлімде қобыздың тылсым үнін танытатын лирикалық шығарма орындалды. Бағдарламада күй өнерін меңгерген жас түлектердің орындауындағы «Талас», «Көңілашар» және

«Жекпе-жек» күйлерінің өзіндік мінезі мен мазмұны көрерменге ерекше әсер қалдырды. Сондай-ақ табиғат сұлулығын жырлайтын «Саржайлау» әнін асқан шеберлікпен орындаған жас вокалдық топтың мүшелері жұртшылықтың ықыласына бөленді. Ал, ұлттық өнердің рухани тәрбиедегі орны мен фестивальдің жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы маңызы жоғары екендігіне көз жеткіздік. «Дәстүрлер жаңғырығы» - қазақ халқының төл мәдениеті мен рухани байлығын дәріптеген мазмұнды шара болды. Аудандық мәдениет үйінде ұйымдастырылған «Сыбаға» ұлттық дәстүрлер фестивалінің басты мазмұндық шараларының бірі – «Дәуір дефильесі» ұлттық киімдер көрсетілімі қазақ халқының дәстүрлі киім мәдениетін кезең-кезеңімен танытып, ұлттық ою-өрнектің, матаның, зергерлік өшекейдің тарихи мәнін көпшілікке паш етті. Фойде қойылған көрме арқылы қонақтар қазақтың көнеден келе жатқан киім үлгілерінің жасалу техникасы, қолданылған материалдары мен өңдеу әдістерімен танысты. Ал негізгі бөлім – «Дәуір дефильесі» – ұлттық киімдердің эволюциясын сахналық форматта жүйелі түрде көрсетті.

Әрбір топтама қазақтың киім өнері ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени дәстүрдің, та-

биғатпен етене байланысқан тұрмыс-тіршіліктің, қолөнер шеберлігінің, эстетикалық дүниетанымның айқын көрінісі екенін дәлелдеді. «Дәуір дефильесі» ұлттық киімдер көрмесі мен сән көрсетілімі қазақ этномәдени мұрасының байлығын жаңа қырынан танытып, ұлттық киімнің тек өткеннің жәдігері емес, бүгінгі ұрпақ үшін де рухани құндылығы зор мәдени мұра екенін айқындады. Сол күні аудандық жастар ресурстық орталығы мен Ойыл кәсіптік колледжінің біріккен түрде ұйымдастыруымен «Сыбаға» фестивалі аясында ұлттық спорттық сайыстары өтті. Жастар арасында ұлттық рухты көтеру, салт-дәстүрді насихаттауды көздеген фестиваль аясында ұлттық спорт түрлерінен сайыс ұйымдастырылып, ұлттық өндер шырқалып, жастар қара жорға биін биледі. Сайысқа қатысушылар асық ату, бес асық, арқан тарту, гір көтеру, қошқар көтеру сынды спорт түрлері бойынша өзара бақ сынады. Сонымен қатар, фестивалдің «Салбурын» бөлімінде ұлттық спорт-садақ атудан ұйымдастырылған турнирдің салауатты өмір салтын насихаттауға қосқан үлесі көп деуге болады. Өйткені, садақ ату – ежелден бері қанымызда бар өнер. Соңғы жылдары дәлдікке, ептілікке, ширақтылыққа, ұстамдылыққа, алғырлыққа, баулитын осы ұлттық өнер жастар арасын-

да насихатталып, кеңінен дәріптеліп келеді. Әдеттегідей ұлттық ойынға жастардың қызығушылығы мен қатысу деңгейі жоғары болды. Садақ ату ойынына 58 спортшы қатысып, бақтарын сынады. «Сыбаға» — қазақтың ежелден келе жатқан ұлттық дәстүрі, береке мен бірліктің, ауыл-аймақтың өзара сыйластығының нышаны. Атадан балаға мирас болып келе жатқан осынау құндылық жатқан күні де мәнін жоймай, ел ішіндегі ынтымақты арттыра түсуде. Осы ұлттың рухани байлығын ұлықтау мақсатында өткен «Сыбаға» ұлттық фестивалі аясында «Соғым - ел асы» сыбаға тарату ұйымдастырған ауылдық округтердің шаруашылықтары ізгі дәстүрді жалғап, бірнеше отбасыға қуаныш сыйлады. Яғни, өткен жылы бастау алған шараға биыл Ойылдан сегіз шаруа қожалығы үн қатып, төрт жылқы, екі мүйізді ірі қара, бес қой сойылып, елу шақты отбасыға таратылды. Бұл бастама — ел ішіндегі ағайындықтың, жақсылықты бірге көруге деген талпыныстың белгісі. Сыбаға беру – малдың көптігі емес, жүректің кеңдігі. Әр ауыл, әр шаңырақ осындай ізгілік арқылы берекелі тірліктің жаршысы болып отыр. Өйткені, сыбаға беру — бір күндік шара емес, ұлт рухын көтеретін, ел арасындағы ынтымақты нығайтатын үлкен тәрбие мектебі.



ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АСҚАР
ҚАЙЫРҒАЛИУЛЫ ҚАЗЫБАЕВТЫҢ
АУДАН ХАЛҚЫН ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН
ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді ұлтымыздың ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Халқымыз үшін Тәуелсіздіктен артық қасиетті де қымбат ештеңе жоқ. Осыдан 34 жыл бұрын тарихи таңдау жасап, егемендігін жариялаған Қазақстан Республикасы бүгінде бөделі биік, құқықтық, демократиялық мемлекет ретінде әлемге танылды. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыздың осынау табысы, еліміздің қарқынды дамуы – тұрақты саясат пен ішкі бірліктің арқасы.

Әлем таныған, қарқынды дамыған Қазақстан - тағдыр мен тарихтың сыйы. Халықтың, ұрпақтың мүмкіндігі. Бұл – біздің мүмкіндігіміз.

Бүгінде Тәуелсіздік тұғырын нығайтып, бірлігі берік, ұстанымы мықты ел екенімізді көрсететін іс-әрекет жасауға барлық мемлекеттік құрылымдар жұмылуда. Соның бір бөлшегі - біздің аудан тұрғындары да халықтың рухани, мәдени қоғамдық саяси өмірінің бағдарына мән беріп, жұмыла еңбек етіп келеді.

Еліміздегі жаңа тарихи оқиғалар, жетістіктерге куә болудың өзі – бүгінгі ұрпақтың үлкен бақыты. Сондықтан, елге қызмет етудің жауапкершілік жүгі мол сапында жүріп, оны үздік атқармауға ешкімнің хақы жоқ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік – баға жетпес байлық. Бөріміз оны көздің қарашығындай сақтауымыз керек. Мемлекетіміздің егемендігін, еліміздің амандығы мен жеріміздің тұтастығын қорғау – әр азаматтың қастерлі борышы» деп атап көрсетті. Сондықтан егемендігіміздің түпкі негізі – мемлекеттің біртұтастығына тікелей байланысты.

Біз Тәуелсіздіктің қадірін білетін халықпыз. Дербес мемлекетіміз өзінің салт-дәстүрін сақтай отырып, жаңамен үйлесіп, заманауи үрдістерді үйреніп, қарқынды дамып келеді. Біздің таңдаған жолымыз жаһандануға жұтылу емес, жақсылыққа ұмтылу. Бүгінде Қазақстан халқы ұлы мұратқа бет алды. Татулық пен тұрақтылық орныққан ортақ Отанымыз – Қазақстан ынтымақтың ұясына, татулықтың төріне айналды. Сондықтан айтулы мереке әрбір қазақ азаматының жанына жақын, жүрегіне ыстық.

Тұғыры – тыныштық, тірегі – тұрақтылыққа негізделген мемлекетіміздің экономикасы қарыштап дамып, бірлігі жарасқан, ынтымағы бекем, келешегі кемел ел болды.

Қадірлі жерлестер!

Баршаңызды Тәуелсіздік күнімен құттықтай отырып, отбасыларыңызға амандық, бірлік, шаңырақтарыңызға шаттық, бақ-береке тілеймін!

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз баянды, еліміз еңселі болсын!

Құрметпен,

аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев

БЕКЗАТ МҰХАНБЕТОВ –
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СПОРТ ШЕБЕРІ

ЖЕРЛЕСІМІЗ ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ ЖАТТЫҚТЫРУШЫСЫ, САМБО СПОРТЫНАН ӨЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ БЕКЗАТ ЖҰМАБЕРГЕНҰЛЫ БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ЗОР ТАБЫСҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.



2025 жылы Алматы қаласында өткен «Ақ бидай» республикалық VIII ауыл спорт ойындарында Бекзат Жұмабергенұлы қазақ күресі бойынша үздік өнер көрсетіп, жарыс жеңімпазы атанды.

Спортшының ерен еңбегі мен жоғары шеберлігі лайықты бағаланып, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2025 жылғы 8 желтоқсандағы №281 бұйрығына сәйкес оған

«Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағы берілді. Бұл – тек жеке спортшының жетістігі ғана емес, Ойыл өңірінің, жергілікті спорт мектебінің абыройын үстем еткен маңызды оқиға. Бұл жылдар бойы тегілген тердің өтеуі. Жасынан талмай жаттығып, жастарға үлгі болып жүрген Бекзат Жұмабергенұлын шын жүректен құттықтаймыз! Жерлесіміздің жетістігі – барша ойылдықтар үшін қуаныш әрі мақтаныш!

ОБЛЫСТЫҢ БАС БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ОЙЫЛДАҒЫ ОЙЛЫ ОҚЫРМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«АҚТӨБЕ МЕДИА» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНА КІРЕТІН ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЕКІ ГАЗЕТ «АҚТӨБЕ» МЕН «АКТЮБИНСКИЙ ВЕСТНИК» ЖӘНЕ «ҮШ ТАҒАН» ЖУРНАЛЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ ОЙЫЛДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ОҚЫРМАНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТКЕН КЕЗДЕСУГЕ АУДАН ӨКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ, М. ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫНЫҢ МЕНГЕРУШІСІ, ФИЛОСОФИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР АЛТАЙ ТАЙЖАН, «АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС ДИРЕКТОРЫ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ РАУКЕН ОТЫНШИНДЕР ҚАТЫСТЫ.



Алдымен аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы баспасөздің қоғамдағы ролі туралы ой толғап, кездесудің мақсатына тоқталды. Кездесу барысында «Ақтөбе Медиа» компаниясының директоры Раукен Сағызбайұлы мерзімді басылымдардың қоғамдағы ролі, ақпараттық саясатты жүзеге асырудағы маңызы және

облыстық «Ақтөбе» газетінің жаңа бағыттары туралы баяндады. Ұжым аудан тұрғындарына жасанды интеллект заманында баспасөзге жазылу мәдениетін қалыптастыру, сапалы ақпарат ұсыну, өңір жаңалықтарын кеңінен жариялау бағытындағы жоспарларымен бөлісті. Сөзінің соңында медиа компанияның

директоры «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Ғазиз Займолдаұлына Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Елеулі еңбегі үшін» медалын табыстап, иығына шапан жапты. Сондай-ақ, ауданның бірқатар мекеме басшыларына ақпарат кеңістігін дамытуға, баспасөзбен тығыз байланыс орнатуға

үлес қосқан үшін «Ақтөбе Медиа» ЖШС-ның алғыс хаттары табысталды. М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті қоғамдық-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Алтай Тайжан еңімені әріден толғап, Ойылдың тарихтағы орны мен өткеніне шолу жасады. Бүгінгі жетістігі мен белесіне тілектестік білдірді. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев өз кезегінде медиа компанияның басшысына ауданға көрсеткен ақпараттық қолдауы үшін алғысын айтып, 500 мың теңгенің сертификатын табыстады. Сонымен қатар, «Ойыл ауданының құрметті азаматы» белгілі қаламгер жерлесіміз Аманғос Орынғалиұлының кеудесіне «Ойыл ауданына 100 жыл» мерекелік медалын тағып, иығына шапан жапты. Ал, профессор Алтай тайжанға естелік сыйлық ұсынды. Кездесу соңында Ойыл ауданының көркемөнерпаздары қонақтарға арналған концерттік бағдарламаларын ұсынды.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ - ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА САПАҚКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ОЗАТ ОҚУШЫЛАРЫ ПӘНДІК ОЛИМПИАДАДА ЖОҒАРҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. БҮЛ ҰСТАЗДАР ЕҢБЕГІНІҢ, ОҚУШЫЛАР ТАБАНДЫЛЫҒЫНЫҢ, БІЛІМГЕ ДЕГЕН АДАЛДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕМІСІ.

Біз жүлдегерлерімізді мақтан тұтамыз. Олардың әрбір жеңісі - мектебіміздің мәртебесі, еліміздің болашағына қосқан үлесі деп білеміз. Атап тоқталар болсам, 5-сынып оқушылары арасында тарих пәнінен Дәулет Қами II орын алса, ағылшын тілі пәнінен Айәділ Сәлмен III орын алды. Ал, 6-сынып оқушылары жаратылыстану пәнінен Анель Алмас II орын, тарих пәнінен Қасым Аманжол I орын алды. Қазақ тілі пәнінен Орынай Амангелдіқызы мақтау қағазы-

на ие болды. 7-сынып оқушылары арасында тарих пәнінен Айбар Берік II орын алса, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Зере Қалиахмет III орынға ие болды. Ал, 8-сынып оқушылары ішінде Асылым Жарылғасын биология пәнінен III орын алса, тарих пәнінен Қайсар Хакімұлы мен орыс тілі пәнінен Кәусар Кеңестер I орын алды. «Ел ертеңі - білімді ұрпақ» -дегендей, бүгінгі жетістік - кешегі еңбектің жеңісі. **Анель АЛМАС, Сапақкөл орта мектебі «Жас тілшілер» үйірмесінің мүшесі.**

ТӘУЕЛСІЗДІК – БІЗ ҮШІН ТӘҢІР СЫҰЫ


ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢ ҚАСТЕРЛІ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, ЕРКІНДІКТІҢ, РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ. ОСЫ ҰЛЫ МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА ЕЛ ЕРТЕҢІН БІЛІММЕН НҰРЛАНДЫРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН САПАҚКӨЛ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ ҰСТАЗДАРЫНА ШЫН ЖҮРЕКТЕН АЛҒЫС БІЛДІРГІМ КЕЛЕДІ. БҮГІНГІ ЖАС ҰРПАҚ – ЕРТЕҢГІ ЕЛ ТІЗГІНІ ҰСТАР АЗАМАТ.

Сол ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына жағдай жасап, мектеп жұмысын дамыту жолында тынымсыз еңбек етіп келе жатқан мектеп директоры Тұрғанғазин Елеусіз ағай еңбегі де – ерекше құрметке лайық. Ұжыммен бірге, ұстаздардың еңбегін арттыруға, оқушылардың қабілетін шыңдауға, білім беру міндеттерін жаңа бағытта жүзеге асыруға қосқан үлесінің орасан зор деп есептеймін. Сапақкөл орта мектебінің әр жетістігінде басшының жүйелі еңбегі, ұстаздарға көрсеткен қолдауы, шәкірт бойына сенім ұялата білуі деп ойлаймын. Мен осы мектептің үздік куәлік түлегімін, әрі қарай өз білімімді ауыл мектебінен жалғастыруды жөн деп санадым. Себебі, білімге құштар оқушыға, өз туған ауылымда білім жолын жалғастыру – мен үшін зор мәртебе. Олай дейтінім, мен бөріне де үлгеремін. Облыстық, аудандық түрлі жарыстарға, байқауларға, пәндік олимпиадаларға да уақытым жетеді. Осындай байқаулардан да құралақан келген емеспін. Бұл жетістігім – мектеп басшысы мен ұстаздарының еңбегі. Басшы талап қоймаса, ұстазым қолдау көрсетпеген, дайын-

дамаса, мұндай жетістіктерге жетпес едім. Иә, менен басқа да қаншама шәкірттердің биік белестерден көрінуі де ұстаздардың еңбегі. Сапақкөл орта мектебі маған тек білім емес, адмгершілік, еңбекқорлық, жауапкершілік секілді құндылықтарды да бойыма сіңіре білді. Ұстаздарымның әр сабағы - мен үшін өмірлік азық, әр кеңесі алға жетелейтін бағдар. Менің әрбір жетістігім сіздердің маңдай терлеріңіз, аянбай сіңірген еңбектеріңіз жатыр. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан әрбір шәкірттің өмірдегі жолын табуына, тұлға болып қалыптасуына қосқан үлестеріңіз ел болашағына қосқан – баға жетпес байлық деп білемін. Тәуелсіздік – бабалар аманаты. Сол аманатқа адал болу – білімді, тәрбиелі үнемі даму жолында болуға уәде етемін. Ұстаздар қауымына жасаған қамқорлығыңыз бен қолдауыңыз үшін мың алғыс! Тәуелсіздік күні құтты болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, тәуелсіздігіміз мәңгі жасай берсін! **Қымбат АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ, Сапақкөл орта мектебінің «Жас тілшілер» үйірмесінің мүшесі.**

АБАЙЛАҢЫЗ КӨКТАЙҒАҚ!

КӨКТАЙҒАҚ – БҮЛ МҰЗДЫҢ ЖҮРГІНШІ ЖОЛЫНДА ЖЕРДІҢ БЕТІНДЕ ПАЙДА БОЛАТЫН ҚАЛЫҢ ҚАБАТЫ, КӨШЕЛЕРДІҢ ЖҮРУ БӨЛІКТЕРІНДЕ ЖӨНЕ ЗАТТАРДА (АҒАШТАР, СЫМДАРДА ЖӨНЕ Т.Б.) ҚАТУ КЕЗІНДЕ САЛҚЫНДАТЫЛҒАН ЖАҢБЫР ЖӨНЕ (ТҰМАН) АУА ТЕМПЕРАТУРАСЫ 0°С-ДАН МИНУС 30°С БОЛАДЫ.



Әдетте көктайғақ қабығы қатып қалған мұз бірнеше сантиметрге жеткенде байқалуы мүмкін. Көктайғақ бұл жер бетінде түзілетін мұздың жұқа қабаты, кейін жылымық немесе жаңбыр, суыту нәтижесінде сондай-ақ дымқыл қар мен жаңбыр тамшыларының қатуынан пайда болады. **КӨКТАЙҒАҚҚА ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?** Егер ауа-райы болжамында көктайғақ немесе көктайғақ туралы хабарлама болса, жарақат алу мүмкіндігін төмендету шараларын қабылдаңыз. Сырғанамайтын аяқ киім дайындаңыз өкшеңізге металл нөл немесе поролон бекітіңіз, ал құрғақ табанға лейкопластырь жапсырыңыз немесе оқшауланған лентаны табанына құммен уқалайсыз (зімпара қағазбен жұмсарту). **КӨКТАЙҒАҚ КЕЗІНДЕП НЕ-ПІЗГІ ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАЛАРЫ:** 1.Тайғанамайтын аяқ киім кию. Табаны бұдырлы аяқ киім таңдаңыз, биік өкшелі аяқ киім киіменіз. 2.Аяқ астына қарап жүріңіз, қауіпті жерлерді айналып өтуге тырысыңыз, егер мұзды айналып өту мүмкін болмаса, онда қадамыңызды жаймен сырғанаптып басыңыз. 3.Табанға толық қадам басыңыз, аяғыңызды тізеден сәл босаңсытыңыз.

4.Көлбеу тайғақ жерлермен жүрмеңіз. 5.Қолыңыз мүмкіндігінше бос болуы керек, қолыңызды қалтаға салып жүрмеңіз - бұл құлау ықтималдығын арттырады. 6.Егде жастағы адамдар және белгілі бір мүмкіндігі шектеулі адамдар ұшына резеңке қойылған таяқ немесе ұшы үшкір арнайы таяқ ұстап жүргені жөн. 7.Тайып кетсеңіз, құлау биіктігін төмендету үшін бірден отыра қалыңыз. 8.Құлаған кезде аяқ-қолыңызды жинап, жерге домалап жұмсақ түсуге тырысыңыз. 9.Қолыңыздағы заттарды құлатпай сақтап қалуға тырыспаңыз. 10. Бірден тұруға асықпаңыз, алдымен ауыр жарақат алмағаныңызға көз жеткізіп, содан кейін өтіп бара жатқандардан көмек сұраңыз. **ЖАРАҚАТ АЛҒАН КЕЗДЕ ҚАНДАЙ ШАРА ҚОЛДАНУ КЕРЕК** Травмотологиялық пункт немесе шұғыл медициналық көмекке хабарласыңыз. **ШҰҒЫЛ ТЕЛЕФОНДАР:** Құтқару қызметі: 112 Жедел жәрдем: 103, қоңырау шалу ақысыз. *Есіңізде болсын! Әсіресе шалқалап құлау өте қауіпті, өйткені басты соғып, ми шайқалу қаупі бар. Ауыр жарақат алсаңыз, міндетті түрде медициналық көмекке жүгініңіз.* **ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІ**

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР НАЗАРЫНА!



MANCASP
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

ҚҰРМЕТТІ: ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР!

2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН СУБСИДИЯЛАНАТЫН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҮЙЫМДАСТЫРУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ 2025 ЖЫЛДЫҢ 20 ЖЕЛТОҚСАНЫНАН БАСТАЛАТЫНЫН ХАБАРЛАЙМЫЗ

Шернияз №49
Мансап ОРТАЛЫҒЫ

MANCASP
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Қайтарымсыз грант

Мемлекеттік гранттар бастапқы бизнесті іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі. Мемлекеттік грант үміткерлері болып табылады:

- 1) Атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- 2) Көп балалы отбасыларға және оның жұбайына (зайыбына) төленетін жәрдемақыларды алушылар;
- 3) Асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар;
- 4) қоныс аударушылар;
- 5) қандастар;
- 6) еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар;
- 7) мүгедектігі бар бала (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған адамдар және оның жұбайы (зайыбы).

MANCASP
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Ұрпақтар келісімшарты

Тәжірибе мен дағдыларды зейнетке дейінгі жастағы жұмыс іститін қызметкерлерден беру үшін құрылған жұмыс орны.Еңбек мобильділігі орталықтарымен шарттар негізінде ұйымдастырылады.6 ай өткеннен кейін жұмыс беруші жұмыссызға тұрақты жұмыс орнын ұсынады немесе жұмыссыз зейнеткерлік жасқа жеткен қызметкерді ауыстырады.

- Жұмыссыздарға қойылатын талаптар: 35 жастан аспаған, оқуды 3 жыл ішінде аяқтаған оқу орындарының түлектері
- Ұзақтығы: 6 айдан аспайды
- Жалақысы: 6 ай ішінде кемінде 30 АЕК еңбек мобильділігі орталығымен жабылады,ал кейіннен оны жұмыс беруші айқындайды

MANCASP
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Алғашқы жұмыс орны

35 жастан аспаған жастар үшін олардың өміріндегі алғашқы жұмыс орнында кәсіби білім мен дағдыларды беру үшін жұмыс. Еңбек мобильділігі орталықтарымен шарттар негізінде ұйымдастырылады. 18 ай өткеннен кейін жұмыс беруші жұмыссызға кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыс орнын ұсынады.

- Жұмыссыздарға қойылатын талаптар: 35 жастан аспаған,кәсіби білімі және жұмыс тәжірибесі жоқ жастар
- Ұзақтығы: 18 айдан артық емес
- Жалақысы: кемінде 30 АЕК-ті 18 ай ішінде еңбек мобильділігі орталығы жабады, ал кейінгі 12 айда оның мөлшерін жұмыс беруші айқындайды

MANCASP
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Күміс жас

Жұмыс беруші мен еңбек мобильділігі орталығы арасындағы келісім шарт негізінде құрылған 50 жастан асқан адамдарға арналған жұмыс орны. 36 ай өткен соң жұмыс беруші зейнеткерлікке шыққанға дейін, сондай-ақ кемінде 1 жыл мерзімге зейнеткерлік жасқа толмаған адамдар үшін тұрақты жұмыс ұсынады.

- Жұмыссыздарға қойылатын талаптар: 50 жастан асқан адамдар үшін (зейнеткерлік жасқа дейін)
- Ұзақтығы: 36 айдан аспайды
- Жалақысы: жалақыны жұмыс беруші белгілейді және төлейді, бұл ретте 30 АЕК-тен аспайтындай мемлекет алғашқы 12 айда жалақының 70%-ын; 13 айдан 24 айға дейін-жалақының 65%-ын; 25 айдан 36 айға дейін жалақының 60%-ын төлейді

MANCASP
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Жастар практикасы

Кәсіп (мамандық) бойынша бастапқы тәжірибе алу мақсатында жастарға арналған жұмыс.Еңбек мобильділігі орталықтарымен шарттар негізінде ұйымдастырылады.

- Жұмыссыздарға қойылатын талаптар: оқуды соңғы 5 жыл аралығында бітірген және алған мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі жоқ колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектері
- Ұзақтығы: 12 айдан аспайды
- Жалақысы: кемінде 30 АЕК-ті еңбек мобильділігі орталығы толық жабады

MANCASP
ОРТАЛЫҒЫ
КАРЬЕРНЫЙ ЦЕНТР

Әлеуметтік жұмыс орындары

Жұмыс беруші еңбек мобильділігі орталығымен келісім негізінде құратын уақытша жұмыс орны

- Жұмыссыздарға қойылатын талаптар: жұмыс беруші белгілейді
- Ұзақтығы: 12 айдан аспайды
- Жалақысы: жұмыс беруші белгілейді,еңбек мобильділігі орталығы ішнара төлейді,бірақ 20 АЕК-тен аспайды (жалақының 35%-ы мемлекеттен, 65%-ы жұмыс берушіден